

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

***Педагогикалық
кеңес хаттамалары***

2023-2024 оқу жылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№1

Тақырыбы: Оқу-тәрбие жұмысындағы өзгерістерді меңгерту.

2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері

31.08.2023

Қатысушылар :8

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1 .Балабақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жоспардағы өзгерістерді талқылап, бекіту.

2. . Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

Меңгеруші А.П.Тагаева

3. Нормативтік құжаттарды таныстыру

4. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарлары перспектива ,циклограмма ,ұйымдастырылған іс әрекет кестесі,күн тәртібін бекіту.

5.Іскерлік ойын.

1 Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Тагаева сөз кезегін алды. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады.

Жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар:

1. Педагогтардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру.
2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық-жұмыс.
3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас
4. Орта білім беру беру ұйымдастыруымен өзара іс-әрекет
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
6. Бақылау
7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс

Осы құрылым негізінде жасалған жылдық жоспар негізінде балабақшада әрбір педагог өз жұмысын жүргізу керек.

Мұндағы қызмет бағыттары нақты балабақшамыздың ерекшелігін ескере отырып айқындалды. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады.

-ойын арқылы үйрету;

-түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту,-деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер:

Ересек тобының тәрбиешісі Ж.Досанбекова сөз сөйледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту модель негізінде топтарды орталықтарға бөлдік және ойын арқылы балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы бала тұлғасының толыққанды дамуына мүмкіншілік жасаймыз,-деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
2. Мектепке дейінгі оқу жоспарлары перспектива, циклограмма, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.

II. Тыңдалды:

Келесі мәселе бойынша бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі: А.Тагаева сөз кезегін алды. Педагог қызметкерлерді Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбеукті қорғау жөніндегі нұсқаулықты

әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» №927 бұйрығымен таныстырды. Осы заң Қазақстан Республикасындағы еңбекті қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды және еңбек процесінде қауіпсіздік пен еңбек гигиенасын қамтамасыз етуге, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталғандығын айтып өтті.

Қаулы:

1. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері таныстырылып, қол қойылсын және де қатаң сақталсын.

III. Тыңдалды:

Бөбекжай-балабақшаның әдіскері А.Тагаева 2023-2024 оқу жылының күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесімен таныстырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, от басылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде педагог түсіндіруге уақытты көп білмей оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына, ойнауына, өз пікірін білдіруіне, зерттеуіне, құрастыруына, сурет салуына, шешім шығаруына және басқаларға мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;
- балаларға көрсету;
- балалармен бірге орындау.

Түрлі жас топтары перспективалық жоспарында балалардың жасына сәйкес Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес міндеттер жеке-жеке көрсетіліп, ортақ бір перспективалық жоспар жасалады. Ал циклограмма жасау кезінде перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттерді іске асыру үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ойын түрінде ұйымдастыруда балаларға тапсырмалар жасына сәйкес берілуі керек. Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді іске асыру үшін әр күнге

кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері айқындалады,-деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші М.Исахова аптаның әрбір күніне перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтай отырып өткізу, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану және балалар әрекет ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы заттық кеңістік ортаны пайдалану тиімді болып жатыр,-деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Топтарда күн тәртібі қатаң сақталсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

А.П.Тагаева



Хатшы

А.Токқұлиева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№2

Тақырыбы: Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

21.11.2023

Қатысушылар :8

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Баяндама: «Құм терапиясы балабақшада» -Н.Тулегенова
3. Шебер сынып: «Балабақшада сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық»
4. Іскер ойын
5. Ағымдағы мәселелер, №2 педкеңестің шешімі.

Келесі педкеңеске тапсырма «Құммен сумен ойналатын» ойындар картотекасын дайындау.

1 Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Тагаева сөз кезегін алды. №1 педкеңестің орындалуы бойынша мәлімдеме жасады. Онда топтардағы күн тәртібінің сақталуы мен перспектива, циклограмма ұйымдастырылған іс әрекет кестесінің орындалуын сөз қылды.

II.Тыңдалды:

Тәрбиеші Д.Жүніскүл келесі мәселе бойынша сөз кезегін алды. Құм терапиясының мақсаты балалардың өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық ортаны қалыптастыруға тәрбиелеу.

Бәрімізге таныс жай ғана құм. Бірақ шын мәнінде бұл таңғажайып керемет материал. Құм әртүрлі болады. Жеңіл және құрғақ, ауыр және сулы, ол әртүрге ыңғайланады. Бірақ бұл құмнан жасалған пішіндерге шашылып, тіл алмай қоюы да мүмкін. Құм терапиясы-балаларға үлкен мүмкіндік. Бала құммен алуан түрлі мүсіндер жасау арқылы өзінің сана-сезімін байытады. Құмдық терапия –ол баланың уайымдау немесе қайғыру сәтін ашып көрсете алады.

Құм терапиясының маңыздылығы:

Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі. Бала құммен ойнай отырып, сенсорикасы мен моторикасын дамытады.Құм терапиясын 3 жастағы балалар мен бастауға болады. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп ойлайды, бірақ менің тәжірибиемде терапияның еркін әдіс екенін көрдім-деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер:

Ересек тобының тәрбиешісі М.Исахова сөз сөйледі.Топтарда тәжірибие жүзінде құммен түрлі математикалық түсініктерді қалыптастыру оқу қызметтерінде «Өлше де сана» қасықпен құмды өлшейді және санын санайды, «Құммен сурет салуды үйренеміз» деп бастапқы кезеңде әрқайсысымкен жекелеп өткіземіз- деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

«Құм мен сумен ойналатын» ойындар картотекасын дайындап, оны ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану жүзеге асырылсын.

II.Тыңдалды:

Әдіскер А.Тагаева келесі мәселе бойынша сөз кезегін алды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі деп көрсетілген. Олай болса, мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың сүйікті әрекеттері сурет

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№3

2024жылғы 17 қаңтар

Қатысушылар :8

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орндалуы

2.«Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту»

Тәрбиеші Х.Жусупова

3. «Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері»

(өз тәжірибесінен) Тәрбиеші Н.Тулегенова

I.Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Тагаева сөз кезегін алды.№2 педкеңестің орындалуы бойынша мәліме жасады. «Дәстүрден тыс сурет салу» әдісі барлық топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жүзеге асырылды. Тәрбиеленушілер (3Д каламмен, құммен, мұзбен, нүктелер арқылы, кофе ерітіндігі арқылы) қызыға орындады-деп ойын аяқтады

II.Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі Х.Жусупова сөз кезегін алып, балалардың физикалық қасиеттерін дамыту бойынша өз тәжірибесімен бөлісті. Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

-дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;

– негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;

-мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Дене шынықтыру - негізгі қимылдардан, жалпы дамытушы жаттығулардан, қимылды ойындардан, дербес қимыл беленділігінен, спорттық жаттығулардан тұрады. Осы бағыттарды негізге ала отырып балалардың жас ерекшелігіне сәйкес

ойын түрлерін ойластырып, күнделікті өткізіп отырамыз,-деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші М.Исаханова балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастырып, топта және күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз етудеміз. Педагогтің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастырып, тыныс алу жаттығуларын жасап тұру да баланың физикалық қасиеттерін дамытуға оң септігін тигізеді,-деп сөзін аяқтады

Қаулы:

1. Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылсын.

III. Тыңдалды:

Тәрбиеші Н.Тулегенова келесі мәселе бойынша сөз кезегін алды. Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізудің мақсаты балалардың денсаулығын нығайту, дене бітімін жақсарту, балалардың арқасындағы, қолындағы, табанындағы нүктелерді оятуға арналған ұйқы ашар жаттығуларын жасауға

қызығушылығын арттыру, қимыдын іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және орындай білуге үйрету. Балалардың дене бітімдерінін дұрыс қалыптасуына, қан айналымының жақсартуына, көздерін дем алытуға, балалардың арқалары, қолдарындағы, табандарындағы нүктелерді оятуға арналған жаттығуларды жасату. Суық тиюге және майтабанға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл - қозғалыс дағдыларын дамыту. Балалардың көңіл - күйін көтеру, мәдени - гигиеналық талаптарды орындау, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Балаларды күндізгі ұйқыдан біртіндеп оятуды дұрыс ұйымдастыру, тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл беленділігіне дайындауға, олардың көңіл күйін көтеретін жағымды жағдайды жасауға, сондай-ақ балаларды шынықтыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оларды мынадай тәртіппен жүргізу ұсынылады:

- жағымды музыкамен біртіндеп ояту;
- қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтері, түсіруге жаттығулар, өзіне-өз массаж жасау және саусақ жаттығуларын орындау;

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші Д.Жүніскүл ұйқыдан кейінгі жаттығуды күнделікті жүргізу арқылы тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтамыз, дене бітімін дұрыс қалыптастырамыз, майтабандылықты болдырмай, омыртқаның дұрыс қатаюын қадағалаймыз. Балалардың денсаулығына пайдалы денені шынықтырудың түрін күнделікті ұйқыдан тұрғанда қолдану арқылы біз балалардың дене бітімінің қалыпты дамуына көңіл бөлеміз,-деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Ұйқыдан кейінгі жаттығу жүргізу күнделікті жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы

А.Тагаева

Хатшы

А.Токқұлиева



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№4

Тақырыбы: : Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

26.03.2024

Қатысушылар :8

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

- 1.№3 «Педагогикалық» кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту-М.Исахова (Баяндама)
3. Ересек,ортаңғы топтарда диогностика жасау-әдіскер А.Тагаева
4. Топтар бойынша қортынды ұйымдастырылған іс-әрекет байқауы
5. Ағымдағы мәселелер, №4 педкеңестің шешімі

I Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Тагаева сөз кезегін алды. №3 педкеңестің орындалуы бойынша мәлімдеме жасады. Барлық топта балалардың физикалық қасиеттерін дамыту мақсатында қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ригалық әдістердің орындалуын сөз қылды.

II. Тыңдалды:

Тәрбиеші М.Исахова келесі мәселе бойынша сөз кезегін алды. Инновациялық технологиялар-бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды деп сөз қозғады.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Тәй-тәй технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология
7. Ойын технологиясы
8. ТРИЗ технологиясы
9. Монтессори технологиясы- жайлы толық ақпарат беріп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Сөз сөйлегендер:

Ересек тобының тәрбиешісі Х.Жусупова сөз сөйледі.Топтарда тәжірибе жүзінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру оқу қызметтерінде «Сурет бойынша әңгімеле, Төлін тап» ноудбуктен тірек сызығы арқылы жұмыс жасауды, «Ноудбукты қосу, өшіру, Enter батырмасын басу» деп бастапқы кезеңде әрқайсысыммен жекелеп өткіземіз- деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

Ұйымдастырылған іс-әрекетте АКТ арқылы ойын түрлерін қолданудың тиімділігі балалардың зерттеушілік қабілеттерін, танымдық, коммуникативтік белсенділіктерін, дағдылары мен таланттарын дамытуға, оны ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану жүзеге асырылсын.

II.Тыңдалды:

Әдіскер А.Тагаева келесі мәселе бойынша сөз кезегін алды.

Ересек, ортаңғы топ тәрбиеленушілері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарын, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын иегерілуі бойынша жақсы деген нәтиже көрсетуде. Аталған топтарға диагностика жүргізу әдістері бойынша: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу алынды. Нәтижесі қанағаттандыралық деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші Ж.Досанбаева ойын арқылы тәрбиеленушілердің физикалық, танымдық белсенділігін тәрбиелеу, ең алдымен, олардың дене бітіміне, ойлау қабілетіне тығыз байланысты.

Балаларға ойын ережелерін шебер түсіндіріп, айқын көрсету керек –деп өз ойын білдірді.

Қаулы:

- 1.« Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту-» әдісі барлық топтарда қамтамасыз етілсін.
2. «Инновациялық технологиялар» балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты үйретілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы

А.Тагаева

Хатшы

А.Токқулиева



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№5

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылындағы балабақша жұмысының нәтижелілігі»

Оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалуы туралы

30.05.2023

Қатысушылар :8

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
2. «Біздің табыстарымыз туралы» топ тәрбиешілері мен мамандарының жыл бойы жүргізген жұмысы жайлы таныстырымдық есебі.
3. Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі
4. Балалардың аурушандық деңгейін талдау.
5. Жазғы –сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту.
6. №5 Педагогикалық кеңес шешімі.

1 Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Тагаева сөз кезегін алды. №4 педкеңестің орындалуы бойынша мәлімдеме жасады. Онда топтардағы инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқаны жайлы сөз қылды.

II. Тыңдалды:

Барлық тәрбиешілер кезекпен келесі мәселе бойынша сөз кезегін алды.

Олар 2023-2024 оқу жылындағы жеткен жетістігі жайлы сөз қозғады.

Сөз сөйлегендер:

Ересек тобының тәрбиешісі М.Исахова сөз сөйледі. Балабақшада тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуы бойынша «Мәнерлеп оқу жанры», Ән айту, би билеу бойынша жарыстарға қатысып, қызығушылықтарын арттырып отырдық. Ата-аналармен тығыз байланыста отырамыз- деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

«Біздің жетістіктеріміз» бойынша жыл сайын жылдық жоспарға енгізілсін.

Тәрбиеленушілерді қызығушылықтарына сәйкес ата-аналармен ақылдаса отырып, Республикалық, аудандық жарыстарға қатыстыру одан әрі жүзеге асырылсын.

III. Тыңдалды:

Әдіскер А.Тагаева келесі мәселе бойынша сөз кезегін алды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі деп көрсетілген. Олай болса, мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жаспсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады. Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілетінің _ мектеп жасына дейінгі балаларда бейнелеу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуді болып табылады.

Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйеге түскен салмақты түсіріп, эмоциональды көңіл-күй туғызады –деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші Н.Тулегенова дәстүрден сурет салу арқылы тәрбиеленушілердің танымдық-шығармашылық белсенділігін тәрбиелеу, ең алдымен, олардың әлемін тану қажеттілігімен және алған білімін өз шығармаларында пайдалануын дамытумен тығыз байланысты.

